

**Т.Рысқұлов ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын және қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға, көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 2023 жылғы 7 желтоқсандағы № 13-5 шешімі

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) және 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Т.Рысқұлов аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Т.Рысқұлов ауданы бойынша қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Т.Рысқұлов ауданы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға, көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Т.Рысқұлов аудандық  
маслихат төрағасы*

*Е. Абуталипов*  
Т.Рысқұлов аудандық маслихатының  
2023 жылғы "07" желтоқсан №13-5  
шешіміне 1-қосымша

**Т.Рысқұлов ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары**

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жиналған жылдық шамасы, м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,13
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,1
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,78
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,40

5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,64
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,002
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,52
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,35
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,02
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,20
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,02
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,47
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,45
14	Азық-түлік және өнеркәсіп-тауар дүкендері, аралас дүкендер	сауда алаңы 1 м2	0,45
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	0,23
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,56
17	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,20
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,30
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,27
20	Жағажайлар, жолдардан көше сыпырындысы	Жалпы алаңы 1 м2	0,23
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,65
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	1,73

23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,98
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	0,30
25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	9,5
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,32
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,30
28	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,2
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,37
30	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,009
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	1,2

Т.Рысқұлов аудандық маслихатының  
2023 жылғы "07" желтоқсандағы №13-5  
шешіміне 2-қосымша

### **Т.Рысқұлов ауданы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер**

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (қосылған құн салығынсыз)
Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын айына	160,00
Бір лігіне (көлеміне) жылдық тариф	1 м3	1699,00